

Сақыпова Ш.Е.

**АГРОИНЖЕНЕР – БАКАЛАВРЛАР ҮШІН ФИЗИКА КУРСЫН
КӘСІПТІК БАҒЫТТА ОҚЫТУ**

Мақалада Қазіргі кредиттік оқыту технологиясы кезінде жоғарғы оқу орнындарында физика пәніне қолданылатын заманауи оқыту технологиялары, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері және бәсекеге қабілетті агроинженер маманның тәрбиесінде физиканың атқаратын рөлі мен орны қарастырылады.

Кілт сөздер: Маманның мамандықтық компетенциясы, физикалық эксперимент және заманауи өлшеу құралдары, ақпараттық технологиялар (АТ), білім берудің виртуалдануы және «геймизациялануы» (ойынға айналуы), физиканы кәсіптік бағыттап оқыту, физика- техника, техника- физика.

Sh.Ye. Sakipova

**PROFESSIONALLY-DIRECTED TEACHING
OF PHYSICS COURSES FOR BACHELORS AGRICULTURAL ENGINEERS**

In the article deals with modern educational technology in teaching physics at universities in the credit technology of educating, their advantages and disadvantages, as well as the role and place in the education of physics competitive specialist agricultural engineer.

Keywords: special specialist competence, physical experiment and modern instrumentation, information technology (IT), virtualization and «gamization» (converting the game) education, professionally – directed teaching of physics, physics and technics, technics and physics.

ӘОЖ 37:372.8

Сиргебаева С.Т.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қаласы

ТЕХНОЛОГИЯ ТҮРЛЕРІНІҢ ТІЛ МЕНҒЕРУДЕГІ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Андатпа

Қазіргі қоғам мен педагогика саласының қарқынды дамуына ақпараттық технологияның ықпалы мен маңызы. Білім беру жүйесінің сапасына қолданатын технология түрлері, сонымен қатар қойылатын талаптар мен мақсаттар берілген. Осы бағытта ағылшын тілін үйренуде ақпараттық технологияның түрлері мен рөлі және студенттерге қойылатын талаптар айтылған.

Кілт сөздер: ақпараттық технология, мониторинг, педагогикалық жүйе, компьютерлік бағдарлама, деңгей, әдістер, бақылау жұмысы.

Ақпараттық технологиялар қазіргі таңда адам өмірінің барлық саласында белсенді қарқынмен қолданысқа кірді. Технологияны меңгеру яғни қазіргі әлемді меңгеру дей аламыз. Осыған орай білім беру жүйесінде технологияның көптеген түрлері қолданысқа енді. Технологияның көмегімен студенттердің білім деңгейі анықталады. Егер, әдістеме қолдануға студенттердің білімді игеріп, тәжірибе жинақтауларына басты көңіл аударылса, технологияда іс-әрекетті ұйымдастыру және оны бақылау қатар жүргізіледі, бұлар бір-бірін толықтыра отырып, өз-ара тығыз байланыста болады. Олардың біреуінің төмендеуі

тұтас педагогикалық жүйенің мүмкіндіктерінің төмендеуін тудырады. Осыған орай білім алушы студенттің іс-әрекетін ұйымдастыруда, бақылау да қатар бірге жүргізіліп отырады. Сонда ғана алға қойған мақсатқа қол жеткізуге болады деп санаймыз. Бұл мақсатта қол жеткізу үшін төмендегі шараларды орындау қажет.

1) Жекелеген студенттермен немесе топпен қосымша жұмыстар жүргізудің әдістері мен тәсілдерін талдап, анықтау;

2) Үлгермеушілік себептерді анықтап, сараптау;

3) Топтағы студенттердің үлгермеу себептерін жою әдістерді таңдау;

Технологияда студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесінен өзге, олардың артта қалуларының себептері сараптап, үлгерім сапасын бақылау мәселелері де қарастырылады.

Технологияны жасау мен құруда, әсіресе, осы блок-сапаны бақылау және кері байланыс жүйесін құру блогіне ерекше мән беріледі. Осы екі мәселе оқытуды ұйымдастыруда ең негізі ретінде саналады және материалды игеру сапасына із қалдырады. Оқыту сапасын арттыру педагогикалық және психологиялық практикада негізгі мәселе болып, қолданыстағы әдістемелерді технологияландыруда да ескеріледі.

Ағылшын тілін меңгеру деңгейлеріндегі заңдылық үйренушілердің кез-келген оқу тапсырмасын орындауы бұрын меңгерген тәжірибесі туралы ақпарат арқылы жүзеге асырылды. Ақпарат пен жинақталған тәжірибелерді студент сол қалпында не өзгертіп, не іс-әрекет шартына байланысты түрлендіріп қолдана алды. Меңгерілген ақпараттарды қолдану бағыты екі жағдайда іске асады: репродуктивті (белгіліні сол қалпында жаңғырту), продуктивті (белгіліні өңдеу және жаңаны құру).

Технологияны оқу үдерісінде қолданудың бір мүмкіндігі студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесінен өзге, олардың артта қалуларының себептері сараптап, үлгерім сапасын бақылау мәселелері де қарастырылуында.

Біріншіден, студенттердің білім деңгейіне қарай тобын іріктеу. Содан кейін топпен немесе жекеленген студенттермен қосымша жұмыстардың әдістерін талдау, оқу материалын меңгеруге және бекітуге бағытталған оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру, барлық топтың жинақтаған тәжірибесі мен біліміндегі олқылықтарды жоюдың әдістемесін таңдау.

Екіншіден меңгерілген материалдың сапасын бақылау, артта қалу себептерін сараптау. Егер осы талаптар сақталынса, онда студенттердің ағылшын тілін меңгеру қабілеттерін жоғарлатуға болады.

Өз кезегінде репродуктивті іс-әрекетті де, продуктивті іс-әрекетті де шағын сатыларға бөліп қарастыруға болады. В.П. Беспалько меңгеруді төрт деңгейден тұратын үдеріс ретінде қарастыруды ұсынады. Педагогика-психология ғылымында міндет ретінде нақты іс-әрекет көмегімен шешуге болатын мақсат айтылады. Міндеттің компоненттері, оның мақсаты іс-әрекеті және ситуациялар (шарттар) қарастырылады.

I деңгей (талапкерлік)-репродуктивті іс-әрекеттің ең қарапайым деңгейі. Бұл деңгейде міндеттің барлық компоненттері (мақсаты, ситуациялар, оны шешу барысындағы іс-әрекеттер) бәрі де айқын. Талапкерден тек тапсырманың құрылымында осы үш компоненттің болуы ғана талап етіледі. Бұл сипаттағы іс-әрекет танымдық іс-әрекеттің мысалы бола алады. Студенттер бұл іс-әрекет түрін бұрын игерген ақпараттарын қайта қабылдаудан соң жүзеге асыра алады.

II деңгей (алгоритмдік)-репродуктивті іс-әрекеттің ең күрделі деңгейі. Бұл деңгейге сәйкес тапсырмаларда тек мақсат пен ситуациялар (шарттар ғана беріледі). Студенттерден оны орындау барысында бұрын меңгерген іс-әрекеттерін қолдану талап етіледі. Бұл бағыттағы міндеттер типтік деп аталады (мәселен, бұрын меңгерген әдістеме бойынша тапсырмаларды орындау, есте сақтай отырып ережелер мен алгоритмдерді қолдану).

III деңгей (эвристикалық) продуктивті іс-әрекеттің алғашқы деңгейі болып табылады. Міндеттің бұл деңгейінде тек қана мақсаты беріледі, қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін қолдануға қажетті ситуациялар мен іс-әрекеттер баяндалмайды. Тапсырманы орындау барысында өздік жұмыстарға мән беріледі және белгілі ақпараттарды өндей отырып студенттер жаңа субъективті ақпараттарға қол жеткізеді. Мысалы: нақты тапсырманың белгілі жалпы әдіспен берілген тапсырмаға орай бейімделу арқылы орындалуы мүмкін.

IV деңгей (шығармашылық)-продуктивті іс-әрекеттегі ең күрделі деңгейі болып табылады. Бұл деңгейдегі іс-әрекет үшін айтарлықтай міндеттердің болмауы тән. Студенттер мақсатты өздері қойып, оны құрастырып жіктеп, мүмкін болатын ситуациялар мен іс-әрекеттерді жан-жақты қарастырады, өз мақсаттарына қол жеткізуге тырысады. Бұл сұраныс іс-әрекеттер «ережесіз» күйде жүзеге асырылады, тек әрекеттердің нақты бағдары ғана анықталады. Осы түрдегі іс-әрекеттердің үлгісі ретінде ғылыми-өндірістік мәселелерді шешуге бағытталған зерттеушілік іс-әрекеттерді атап айтуға болады.

Меңгеру деңгейін анықтау құралдары туралы айтқанда, ең алдымен үлгерім сапасын ағымдағы және қорытынды бақылаудың түрлі әдістері қолданылады. Көп жағдайда ауызша сауалдама түрлері қолданылады және жазбаша тест жұмыстары өткізіледі.

Бақылаудың ауызша әдістері нақты оқытылатын сабақтардағы сауалдар төңірегінде өткізіледі. Бұл өз кезегінде студенттерге ағымдағы оқу материалын меңгеру туралы кейбір материалдарды алуға септігін тигізеді және қажетті педагогикалық құралды орындауға мүмкіндік береді. Жазбаша тест жұмыстары нақты оқыту үдірісін белсендіру үшін қолданылады және пәнді игерудегі қиын тұстарды анықтауға мүмкіндіктер береді.

Оқу материалын игеру сапасын бағалау туралы айтқанда әр студенттің материалды игеру деңгейі әртүрлі болатындығын айтуымыз керек.

Адамдар арасындағы қарым-қатынаспен өзара іс-әрекет технологиялық деген атауға ие болу үшін қандай нақты амалдар іске асырылуы тиіс деген сауалдар туындауы заңдылық. Ол үшін бірқатар міндетті талаптар орындалуы керек, алайда олардың ішіндегі негізгілері:

1. Сараптау мақсаттың қойылуы (бұл жағдайда талап етілетін меңгеру деңгейі көрсетілу керек).

2. Қойылған мақсатқа қол жеткізу деңгейін анықтау мен үдерістің тиімділігін әрдайым бақылауды жүзеге асыру қажеттігі.

3. Ақырғы нәтижеге кемінде 60% көрсеткішпен қол жеткізу (берілген меңгеру деңгейіне байланысты).

Оқыту үдерісіне қойылатын басты талаптарға тоқталатын болсақ, аяқтау қағидаларын жан-жақты талдау студенттерге кәсіби іс-әрекет тұрасында аса маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндіктер береді.

Технологияның түрін таңдау оқу үдерісіндегі оқытушы мен студенттің орнымен тікелей байланысты. Ерікті адамды тәрбиелеу ең алдымен студент бойындағы творчестволық күштерді барынша шарықтату, студент белсенділігін барынша арттыру қарастырылады. Осы мақсатқа жету үшін студентке педагогикалық көмекпен сүйемелдеу аса қажет. Тұлғалық-бағдарлық білім беру технологияларының шынайы ұғымы да осымен тікелей байланысты. Басты талап оқыту үдерісі әрқашан аяқталған сипатта болуы.

Технологияның түрін таңдау оқу үдерісіндегі оқытушы мен студенттің позициясымен тікелей байланысты. Білікті адамды тәрбиелеу ең алдымен студент белсенділігін барынша арттыруды қарастырады.

Кез келген педагогикалық технология ақпараттық технология болып табылады. Жаңа ақпараттық технологияға көшпей оқу-тәрбие үдерісінде білім беруді информатикаландыру мүмкін емес. Жаңа ақпараттық технологияларды - студенттердің өз

кәсіби саласының әдістері мен ұйымдастыру түрлерін түбегейлі өзгертуге, оқу үдерісін ұйымдастыруды үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік береді. Білім беру жүйесін ақпараттандыру автоматтандырылған ғылыми педагогикалық банктер деректерін, ақпараттық әдістемелік материалды, сонымен қатар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беру жүйесін жетілдіруге көмегін тигізеді.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру жеке тұлғаның заман талабына сай дамуын қамтамасыз ететін оқыту, тәрбиелеу міндеттерінің мазмұнын, әдістері мен ұйымдастыру формаларын таңдаудың әдістемесі мен стратегиясын жетілдіруді талап етеді.

Компьютердің көмегімен жеке жұмыс істеуге, даралап оқытудың озық нұсқаларына, ақпараттық орта компоненттерін дайындауға, пәндердің өзара байланысын орнатуға қол жеткізуге болады. Компьютерді қолдану арқылы ондағы ақпаратты зейін қойып тыңдауға, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге не тыңдауға, алған мәліметті нақтылауға мүмкіндік береді.

Ағылшын тілін меңгеру ақпараттық бағыт, ақпараттық тұрғыда білім беруді мақсат етеді, оның негізгі мақсаттары: лингвистикалық (тілдік және сөйлеу), тақырыптық әлеуметтік мәдениет, оқу дағдыларын қалыптастыру. Ағылшын тілін оқытуда ақпараттық технологияны қолдану тілді үйренудегі белсенділікті қамтамасыз етеді.

Адамның барлық әрекеті ақпарат алуға және осы ақпаратты тиімді қолдана білуге тәуелді. Жаңа заманның маманы кез-келген мамандық бойынша компьютер, телекоммуникация және басқа да ақпараттық технология құралдарының көмегі арқылы ақпараттар тасқынын алып, оны өз қажетіне орай өңдеп, өз қажеттігіне қолдануға мүмкіндігі бар. Осыған байланысты жаңа ақпараттық технологиялар жоғары оқу үдерісіне енгізіліп, оның ажырамас бөлігіне айналуда. Әсіресе, мультимедиялық компьютерлік бағдарламалар, интернет ресурстарындағы электронды оқулықтар т.б.

Оқу үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды ендіру студенттердің жаңа үйретілетін құбылыстарға орай түрлі іс-әрекет орындауларына мүмкіндік береді. Студенттердің оқу үдерісіне компьютерлік техниканы пайдалануға неғұрлым тез бейімделу оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы аймағындағы педагог-зерттеушілерді даярлауға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Білім беру саясатының өзгеруі елдегі біртұтас білім беру негізінде ағылшын тілін оқытудың вариативті болуына ұмтылыстың өсуіне, арта түсуіне бағытталған жаңа бағдарламалық құжаттарды жасаудың өзектілігін дәлелдеп отыр. Жастарды басқа ел халықтарымен, олардың лингвомәдениетімен өзара қарым – қатынас жасауға үйрету қазіргі таңдағы өмір шындығынан келіп туындады. Бүгінгі күн талабына сай ағылшын тілін үйренудің маңызы зор екендігіне көзіміз жетті.

Осы орайда білім беруде негізгі мақсат - тек білімді, студент дайындау емес, рухани дүниесі бай және әлеуметтік адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды түсінуге және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Әдебиеттер

1. Беспалько В.П. Элементарная теория управления процессом обучения.: М.: Знание, 1970.- 74 с.
2. Педагогика «Педагогические теории системы технологии» Москва Academ A.- 1999.- С. 308-315

С.Т. Сиргебаева

РОЛЬ ВИДОВ ТЕХНОЛОГИИ, КОТОРАЯ ИСПОЛНЯЕТ УСВОЕНИЕ ЯЗЫКА

В статье рассмотрена роль информационных технологий в развитии общества и педагогики, а также подходы для улучшения педагогического образования. Также рассмотрена важная роль информационных технологий в изучении иностранного языка и требования и условия предоставляемые студентам при изучении языка.

S.T. Sirgebaeva

THE ROLE OF TYPES OF TECHNOLOGY THAT PERFORMS LANGUAGE LEARNING

The article describes the roll of information technology in the development of society, education and new approaches for pedagogical education. It deals an important role of information technology also considered in a foreign language learning, requirements and conditions for students in the language learning.